

**Ақсай қаласының № 4 ЖОББМ 2024 - 2025 оқу
жылы бойынша есебі.**

Әлеуметтік педагогика – ортаның, қоғамның, тәрбиеге, әлеуметтенуге әсер ету факторын зерттейтін педагогиканың бір саласы.

Әлеуметтік педагогиканың мақсаты – оқушыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, тек көмек күтуші емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жандүниесін танып білу, қатарға қос жұмыстарын ұйымдастыру.

Отбасы. Бала. Мектеп. Бір-бірінен ажырағысыз үш ұғым. Отбасы бар жерде бала бар, балабар жерде мектеп бар. 2022-2023 оқу жылының басында жаңа оқу жылына перспективалық жоспар құрылып, бекітілді. Құрылған жоспардың төмендегідей іс-шаралар атқарылды:

**Ақсай қаласының №4 ЖОББ мектебінің ӘЛЕУМЕТТІК ПАСПОРТЫ 2024-2025
оқу жылы**

1	Мектеп атауы	№4 ЖОББМ	%
2	Барлық оқушы саны (1-11 сыныптар)	1510	100%
3	Жетім балалар саны	1	0,006%
4	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар саны	0	0%
5	Қорғаншылық және қамқоршылық (бала саны)	1	0,006%
6	Патронаттық (бала саны)	0	0%
7	Толық емес отбасы саны	231	0,15%
8	Толық емес отбасындағы бала саны	372	0,24%
9	Әкесіз отбасы саны	224	0,15%
10	Анасыз отбасы саны	7	0,004%
11	Өгей әкемен тұратын бала саны	40	0,003%
12	Өгей әкемен тұратын ұлдар саны	20	0,01%
13	Өгей әкемен тұратын қыздар саны	20	0,01%
14	Өгей анамен тұратын бала саны	2	0,001%
15	Аз қамтылған отбасы саны	6	0,003%
16	Аз қамтылған отбасындағы бала саны	10	0,007%
17	Көпбалалы отбасы саны	85	0,05%
18	Көпбалалы отбасындағы мектеп жасындағы бала саны	122	0,08%
19	Ерешке білім беруді қажет ететін бала саны	80	0,05%
20	Қолайсыз отбасы саны	1	0,006%
21	Қолайсыз отбасындағы оқушы саны	1	0,006%
22	Мектепшілік бақылаудағы бала саны	2	0,001%
23	КТЖЖИ есебінде тұрған бала саны	0	0%
24	Сотталған	0	0%
25	Пәтер жалдап тұратын отбасы саны	67	0,04%
26	Үйден оқитын оқушы саны	6	0,003%

Мектепке жол акциясы:

2024-2025 оқу жылының басында аз қамтылған көп балалалы, толық емес отбасы балаларының мектепке дайындықтары тексеріліп, «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында демеушілерге хаттар жолданды.

Акцияның мақсаты: Әлеуметтік себептерге байланысты оқушылардың мектепке келмей қалуының алдын-алу. Мектепке жол қайырымдылық акциясы 2024 жылдың 1 тамызынан 30 қыркүйек аралығында «Жақсылық жаса» ұранымен өткізіліп жатыр. Әлеуметтік себептерге байланысты оқушылардың мектепке келмей қалуының алдын-алу. «Мектепке жол» акциясы бойынша жоспар құрылып, бекітілді. Әлеуметтік желілерге акцияның өтетіндігі туралы ақпараттық мәліметтер жарияланды.


Көмекті қажет ететін отбасы балалары анықталып, «Atamekenim.kz» порталына тіркелді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысы негізінде материалдық көмекті қажет отбасының балаларының тізімі бекітілді. Аталған қаулы бойынша 10 отбасы анықталды, балалары-6. Жоспар бойынша төмендегідей іс-шаралар атқарылды:

Әлеуметтік педагог Ж.А. Маканова сынып жетекшілермен бірге көп балалы, аз қамтылған отбасы балаларының үйлеріне барып, оқушылардың мектепке дайындықтарын пысықтады.

Акция шеңберінде аз қамтылған, көп балалы, толық емес отбасы балаларына демеушілер тарапынан көмек ұйымдастырылды:

Жеке тұлғалар: 6 «д», 8 «г» сынып ата-аналары және «Чемпионика» футбол мектебінің ұйымдастыруымен «Мектепке жол» акциясы қарсаңында өмірдің қиын жағдайына тап болған балаларына мектеп құралдары сатып алынды соммасы: 54000 тг. Мектебіміздің бір отбасында тәрбиеленіп отырған үш баласына «Іскер әйелдер кеңесінің» мүшелері 3 балаға күздік киім, аяқ киім, мектепке керек жарақтарды алып берді. К.Г. Гулиева мектебіміздің 1 оқушысын толықтай киіндіріп мектеп құралдарымен қамтамасыз етті

- Мектепке жол акциясы шеңберінде көрсетілген көмек сомасы: 166000 теңге /
жүз алпыс алты мың теңге / Көмек көрсетілген балалар саны: 5.



6-14 маусым 2024 жылы № 4 жалпы орта білім беретін мектебінде жасөспірімдерді салауатты салтының дағдыларына баулып, денсаулығына, адамгершілік қасиетіне, психологиялық тұрғыдан жүйке жүйесіне кері әсерін тигізетін зиянды заттарды қолданудың алдын алуы бойынша іс-шаралар ұйымдастырылды. **03.06.2024** ж 7-8 сынып оқушылар арасында мектебіміздің психологі «Сәттілік серігің болсын» атты тренинг ұйымдастырды.

Мақсаты оқушылардың көңіл күйлерін көтеру, өзара ынтымақтастықты қалыптастыру, ұжымдық бірлікті нығайту. **04.06.2024** ж әлеуметтік педагогтардың ұйымдастыруымен 5-6 сынып оқушылар арасында «Біз біргеміз» атты флешмоб өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/C7Dt1JQlj-3/?igsh=anZ5MzZnNzV2YWMz>. **05.06.2024** ж әлеуметтік педагогтардың ұйымдастыруымен 7-сынып оқушылар арасында «Сактансаң сау боларсың» тақырыбында сұхбаттасы өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға жолда жүру, су және өрт қауіпінен сақ болу және ережелерімен таныстыру, оқушылардың жолда жүру ережелері, су және өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін қалыптастырып, қауіп төнген кезде өздерін қорғай білуге машықтандыру. **07.06.2024** ж «Салауатты өмір салтын сақтау әркімнің парызы» 4 сынып оқушылар арасында акция ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушыларға салауатты өмір салтын сақтауға және де өзгеде адамдарға дұрыс өмірді сүре білуге бағыттау. **10.06.2024** ж «Спорт нашаға қарсы» 4 сынып Мақсаты: Салауатты өмір салтын насихаттай отырып эстафетталық ойынын дамыту және оқушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту. Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру.

<https://www.instagram.com/reel/C8bZqmsIHfe/?igsh=amY4a2F0OG9hMHE2>.

11.06.2024 ж «Темекі зор кесел» тақырыбында 8 сынып оқушылар арасында сурет байқауы ұйымдастырылды. Мақсаты: Темекінің адам өміріне зиянды және улы екенін түсіндіре отырып, оқушыларды саналыққа, тазалыққа, салауатты өмір салтын сақтауға тәрбиелеу. <https://www.instagram.com/p/C7Dt1JQlj-3/?igsh=anZ5MzZnNzV2YWMz>.

12.06.2024 ж «Есірткісіз болашақ» тақырыбында 4 сынып оқушылар арасында плакаттар сайысы ұйымдастырылды. Мақсаты: есірткі заттардың, ішімдік ішу мен темекі тартудың, ағзаға тигізетін зиянды әсері, өкінішке ұрындырар, туралы түсінік беру. <https://www.instagram.com/reel/C8bZqmsIHfe/?igsh=amY4a2F0OG9hMHE2>.